



Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 373 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Премьер-Министрі	Б. Сағынтаев

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 373 қаулысымен бекітілген
--	--

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын бекіту, "Бизнестің жол картасы 2020" іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 маусымдағы № 556 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 168 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасында:

"Паспорт (негізгі параметрлері)" деген 1-бөлімде:

"Қаржыландыру көздері мен көлемдері" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1) республикалық бюджет қаражаты: 2015 – 60 531 976 мың теңге; 2016 – 56 742 921 мың теңге; 2017 – 19 069 748 мың теңге; 2018 – 8 969 748 мың теңге; 2019 – 8 959 748 мың теңге; 2) жергілікті бюджет қаражаты:

Қаржыландыру көздері мен көлемдері	2017 – 30 000 000 мың теңге; 2018 – 30 000 000 мың теңге; 2019 – 30 000 000 мың теңге; 3) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға айналым қаражатын толықтыруға бағытталған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатынан субсидиялауға 2015 жылы – 7 200 000 мың теңге, жетіспейтін инфрақұрылымды тартуға 2015 жылы – 9 781 530 мың теңге, 2016 жылы – 14 565 048 мың теңге.
------------------------------------	---

”;

”3. Ағымдағы ахуалды талдау” деген бөлімде:

он жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

”Моноқалалардың, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің қаржыландыруға қолжетімділігін арттыру үшін банктердің кредиттері мен микроқаржы ұйымдарының микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, банктердің кәсіпкерлер мен микроқаржы ұйымдарына берген кредиттеріне ішінара кепілдік беру жүзеге асырылатын болады.”;

”4. Бағдарламаның мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері мен іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері” деген бөлімде:

”4.3 Міндеттері” деген кіші бөлімде:

3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

”1-міндет. Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің қаржыландыруға қолжетімділігін арттыру.

Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің қаржыландыруға қолжетімділігін арттыру үшін банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттер/қаржылық лизинг шарттары және микроқаржы ұйымдарының микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, банктердің/даму банкінің кәсіпкерлерге және микроқаржы ұйымдарына берген кредиттеріне ішінара кепілдік беру жүзеге асырылатын болады.”;

”1. Моноқалалардың, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің қаржыландыруға қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер” деген кестеде:

реттік нөмірі 3-жол алып тасталсын;

”10. Кәсіпкерлердің өнімділігін арттыру бойынша нысаналы көрсеткіштер” деген кестеде:

реттік нөмірлері 2 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау кезінде жұмсалған шығындары өтелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны	бірлік	ИДМ деректері	5	1	3	3	3	15	ИДМ, "КИДИ" АҚ (келісім бойынша)
3	Технологиялық процестерді жетілдіру кезінде жұмсалған шығындары өтелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны	бірлік	ИДМ деректері	8	11	10	10	10	49	ИДМ, "КИДИ" АҚ (келісім бойынша)

";

"5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу жолдары, тиісті шаралар" деген бөлімде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағдарламаның бірінші бағыты кәсіпкерлерге мынадай қаржылық қолдау шараларын көрсетуді көздейді:

1) банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау;

2) банктердің/даму банкінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру;

3) мемлекеттік гранттар беру;

4) жеке микроқаржы ұйымдарының микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау;

5) микроқаржы ұйымдарының банктер алдындағы кредиттеріне ішінара кепілдік беру.";

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктердің кредиттері бойынша, оның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға айналым қаражатын толықтыруға бағытталған БЖЗҚ қаражаты есебінен берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау да Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан және жергілікті бюджеттен бөлінген лимиттер шеңберінде жүзеге асырылады. Айналым қаражатын толықтыруға, сондай-ақ

ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға бағытталған кредиттер бойынша жоба іске асырылғаннан кейін жұмыс орындарының орташа жылдық санын ұлғайту, кірістердің өсуі, бюджетке төленетін салықтар көлемінің тиісті көрсеткіштерден 10 %-ға өсуі талап етілмейді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Банктердің/даму банкінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беруді қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Бір кәсіпкер үшін ең жоғары грант сомасы 3 000 000 (үш миллион) теңгеден аспайды. Грант нысанында қолдау шараларын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.";

"Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне микрокредит беру" деген кіші бөлім алып тасталсын;

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Бағдарламаның екінші бағытына қатысушылар:

1) Бағдарламаға 1-қосымшада көрсетілген экономиканың басым секторларында;

2) ИИДМБ-да айқындалған өңдеу өнеркәсібінің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде өз жобаларын іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлап отырған тиімді кәсіпкерлер болып табылады.";

95-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95-2. Банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау жобалар Бағдарламаға 1-қосымшада көрсетілген экономиканың басым секторларына немесе ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларына және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне сәйкес болған жағдайда, сондай-ақ мұндай жобаны кәсіпкер одан әрі өзі пайдаланған жағдайда мұндай жобаларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде іске асыру үшін берілетін кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша да жүзеге асырылады.";

109-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"109. ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобалар бойынша субсидиялау номиналды сыйақы мөлшерлемесі 19 %-дан аспайтын, олардың 10 %-ына мемлекет өтейтін, ал айырмасын кәсіпкер төлейтін кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша ғана жүзеге асырылады.";

112-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"112. Банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.";

117-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117-2. Кепілдік жобалар Бағдарламаға 1-қосымшада көрсетілген экономиканың басым секторларына немесе ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларына және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне сәйкес болған жағдайда, сондай-ақ мұндай жобаны кәсіпкер одан әрі өзі пайдаланған жағдайда, мұндай жобаларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде іске асыру үшін берілетін жаңа кредиттер бойынша да беріледі.";

120-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"120. Кепілдік беру жүзеге асырылатын ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобаларға берілетін кредит сомасы бір кәсіпкер үшін 1 850 млн. теңгеден аспайды. Бұл ретте кредит сомасы бір кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті бойынша берешекті ескермей есептеледі. Мұндай кредиттер үшін:

1) кепілдік мөлшері кредит сомасының 20%-ынан аспайды;

2) ұсынылатын кепілдік мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды. Қаражатының 100 %-ы айналым қаражатын толықтыруға бағытталған 60 млн. теңгеге дейінгі кредиттер бойынша кепілдік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.";

121-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"121. Егер ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобаларға кредит мөлшері 360 млн. теңгеге дейінгі соманы құрайтын болса, кепілдік мөлшері кредит сомасының 50 %-ынан аспайды, кепілдік мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды.";

126-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"126. Банктердің/даму банкінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беруді қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.";

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту Бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторларында, ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіп салаларында, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлер үшін, сондай-ақ моноқалалардың, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендердің кәсіпкерлері үшін жүзеге асырылады." ;

165-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"165. Қызметін Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында немесе ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде жүзеге асыратын және кәсіпкер Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне өтінім бергенге дейінгі алдыңғы алты айдағы ақшалай пайданың жалпы көлемінің кемінде 10%-ы мөлшерінде валюталық пайда түсіретін кәсіпкерлер Бағдарламаның үшінші бағытына қатысушы бола алады.";

202-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"202. КҚО көрсетілетін қызметтерін ұсыну тетігі:

1) уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы моноқалаларда, шағын қалалар мен аудан орталықтарында КҚО-ның жұмыс істеуі мен дамуына арналған шығындарға өтеулі қызметтер көрсету туралы шарт жасасады;

2) қаржылай емес қолдау операторы уәкілетті органмен жасалған өтеулі қызметтер көрсету туралы шарт шеңберінде:

КҚО үшін консультанттарды;

КҚО консультанттарын тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құралдармен;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа мемлекеттік қаржылай емес қолдаудың функционалдық бағыттарын іске асыруды қамтамасыз етеді.";

256-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) оқыту шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне өтеусіз негізде ұсынылады;"

257-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) оқыту моноқалалардың, шағын қалалар мен аудан орталықтарының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамасы бар халқына өтеусіз негізде ұсынылады;"

276-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"276. "Кәсіпорынның құзыреттілігін арттыру" құрауышы сарапшыларды тарту арқылы еңбек өнімділігін арттыру, озық өндірістік тәжірибелерді енгізу мәселелері бойынша кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерін даярлауға және/немесе қайта даярлауға бағытталған.";

277-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"277. "Кәсіпорынның құзыреттілігін арттыру" құрауышы Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларында айқындалған экономиканың басым секторларында қызметін кемінде 1 (бір) жыл жүзеге асырған кәсіпкерлерге ұсынылады.";

279-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"279. "Кәсіпорынның құзыреттілігін арттыру" құрауышы шеңберінде:

1) кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерді даярлауға және/немесе қайта даярлауға;

2) сарапшыларды тарту жолымен үздік өндірістік практикаларды енгізуге, бірақ 1 (бір) маманға 9 (тоғыз) миллион теңгеден аспайтын мөлшерде кәсіпорын жұмсаған шығындарды өтінім берілген күнге дейін кемінде 24 (жиырма төрт) ай бұрын 40 (қырық) пайызы мөлшерінде, бірақ күнтізбелік жылда 30 (отыз) миллион теңгеден аспайтын мөлшерде өтеу көзделеді.

"Кәсіпорынның құзыреттілігін арттыру" құрауышы бойынша шығындардың түрлері Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларында айқындалады.";

302-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"302. Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі ЕҚДБ бағдарламасы шеңберіндегі қолдау қызметін экономиканың басым секторларында, ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде және моноқалаларда, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде салалық шектеулерсіз жүзеге асыратын, сондай-ақ қаржылық тұрғыдан орнықты және өсу әлеуеті жоғары және Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын консультациялық жоба шығындарының жалпы құнының бір бөлігін жабуға әзір шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ұсынылады.";

305-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қызмет саласы – экономиканың барлық басым секторларындағы, ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларындағы және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріндегі және моноқалалардағы, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендердегі салалық шектелмейтін қызмет;" ;

322-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өтініш беруші шетелдік мамандарды тартуға өтінімді қаржылай емес қолдау операторына береді;"

326-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"326. "Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау" құраушы Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларында айқындалған индустриялық-инновациялық жобаны іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын немесе қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын кәсіпкерлерге ұсынылады.";

328-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"328. "Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау" құраушы шеңберінде:

"Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру" бөлімі шеңберінде лизингтік қаржыландыруды алу үшін индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу үшін;

карта жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау үшін кәсіпорын жұмсаған шығыстарды өтінім берілген күнге дейін кемінде 24 (жиырма төрт) ай бұрын 40 (қырық) пайызы мөлшерінде, бірақ күнтізбелік жылда 60 (алпыс) миллион теңгеден аспайтын мөлшерде өтеу көзделеді.

"Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау" құраушы бойынша шығындардың түрі Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларында айқындалады.";

337-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"337. "Технологиялық процестерді жетілдіру" құраушы қызметін Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларында айқындалған экономиканың басым секторларында кемінде 1 (бір) жыл жүзеге асырып келе жатқан кәсіпкерлерге ұсынылады.";

339-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"339. "Технологиялық процестерді жетілдіру" құраушы шеңберінде кәсіпорын жұмсаған шығындарды өтінім берілген күнге дейін кемінде 24 (жиырма төрт) ай бұрын 40 (қырық) пайызы мөлшерінде, бірақ күнтізбелік жылда 60 (алпыс) миллион теңгеден аспайтын мөлшерде өтеу көзделеді.";

348-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"348. "Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру" құрауышы қызметін Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларында айқындалған экономиканың басым секторларында кемінде 1 (бір) жыл жүзеге асырып келе жатқан кәсіпкерлерге ұсынылады.";

350-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"350. "Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру" құрауышы шеңберінде кәсіпорын өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға арналған құжаттаманы әзірлеуге және/немесе прогрессивті басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге, сондай-ақ өндірілетін өнімді ілгерілету жүйесінің тиімділігін арттыруға жұмсаған шығындарды өтінім берілген күнге дейін 24 (жиырма төрт) ай бұрын 40 (қырық) пайызы мөлшерінде, бірақ күнтізбелік жылда 60 (алпыс) миллион теңгеден аспайтын мөлшерде өтеу көзделеді.

"Өндірісті ұйымдастырудың тиімділігін арттыру" құрауышы бойынша шығындардың түрлері Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларында айқындалады.";

376-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өтініш беруші жобаға қатысуға өтінімді қаржылай емес қолдау операторына береді және құралды іске асыруға байланысты мониторинг немесе өзге де іс-қимыл жүргізуге қажетті, коммерциялық құпия болып табылмайтын барлық мәліметтер мен деректерді беретіні туралы жазбаша міндеттемеге қол қояды;"

415-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"415. Бағдарламаның бірінші, екінші және үшінші бағыттарын іске асыру мақсатында уәкілетті орган әрбір облыс, астана, республикалық маңызы бар қала үшін қаржыландырудың жалпы лимитін айқындайды.";

420-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"420. "Бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек өнімділігін арттыру және Қазақстан Республикасы резиденттерінің жаңа нарықтарына шығу Бағдарлама шарттарының бірі болып табылады.";

"6. Қажетті ресурстар" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны іске асыруға:

1) республикалық бюджеттен 2015 жылы – 60 531 976 мың теңге, 2016 жылы – 56 742 921 мың теңге, 2017 жылы – 19 069 748 мың теңге, 2018 жылы – 8 969 748 мың теңге, 2019 жылы – 8 969 748 мың теңге көзделеді;

2) жергілікті бюджеттен 2017 жылы – 30 000 000 мың теңге, 2018 жылы – 30 000 000 мың теңге, 2019 жылы – 30 000 000 мың теңге көзделеді;

3) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға айналым қаражатын толықтыруға бағытталған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан субсидиялауға 2015 жылы – 7 200 000 мың теңге, жетіспейтін инфрақұрылымды тартуға 2015 жылы – 9 781 530 мың теңге, 2016 жылы – 14 565 048 мың теңге көзделеді. Бағдарламаны одан әрі қаржыландыру тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шеңберінде жүзеге асырылатын болады.";

"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына 2-қосымша алып тасталсын;

"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына 3-қосымшада:

"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Бірінші бағыт: моноқалалар, шағын қалалар және ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау" бағытында:

"1. Банктердің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау" деген кестеде:

3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	"Даму" ҚДҚ" АҚ-ның екінші деңгейдегі банктерге кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидиялар төлеуі	мың теңге	жыл сайын қаңтар, шілде	ҰЭМ-ге ақпарат	"Даму" ҚДҚ" АҚ (келісім бойынша), екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компания лар	1 315 700	-	-	-	-	Республикалық және жергілікті бюджеттер
---	---	-----------	-------------------------	----------------	--	-----------	---	---	---	---	---

";

"2. Банктердің/Даму банкінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру" деген кестеде:

2	"Даму" КДҚ" АҚ-ның кепілдік төлеуі	мың теңге	жыл сайын қаңтар, шілде	қаражат аудару	ҰЭМ -	85000	100000	100000	100000	100000	Республикалық бюджет
---	------------------------------------	-----------	-------------------------	----------------	-------	-------	--------	--------	--------	--------	----------------------

";

"Екінші бағыт: экономиканың басым салаларында және өңдеуші өнеркәсіп салаларында кәсіпкерлікті дамыту" бағытында:

"1. Банктердің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау" деген кестеде:

3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Бағдарламаның екінші және үшінші бағыттарының шеңберінде кәсіпкерлердің жобалары бойынша екінші деңгейдегі банктерге "Даму" КДҚ" АҚ-ның субсидиялар төлеуі	мың теңге	жыл сайын қаңтар, шілде	ҰЭМ-ге ақпарат	"Даму" КДҚ" АҚ (келісім бойынша) екінші деңгейдегі банктер, лизинг компаниялары	26 484 296	-	-	-	-	Республикалық және жергілікті бюджеттер
---	--	-----------	-------------------------	----------------	---	------------------	---	---	---	---	---

";

"2. Банктердің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру" деген кестеде:

3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	"Даму" КДҚ" АҚ-ның кепілдік төлеуі	мың теңге	жыл сайын қаңтар, шілде	ҰЭМ ақпараты	ЖАО	1 000 000	-	-	-	-	Республикалық және жергілікті бюджеттер
---	------------------------------------	-----------	-------------------------	--------------	-----	--------------	---	---	---	---	---

";

"3. Мемлекеттік гранттар беру" деген кестеде:

2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Кәсіпкерлердің жобалары бойынша мемлекеттік гранттарды төлеу	мың теңге	жыл сайын қаңтар, шілде	ҰЭМ-ге ақпарат	ЖАО	300 000	-	-	-	-	Республикалық және жергілікті бюджеттер
---	--	-----------	-------------------------	----------------	-----	---------	---	---	---	---	---

";

"Төртінші бағыт: кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шараларын ұсыну" бағытында:

"5. Өзге іс-шаралар" деген кестеде:

1 және 2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Қаржы агенттігі мен МУҰ-ның Бағдарлама шеңберінде көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу	бірл .	жыл сайын	көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт	ҰЭМ, "Даму" КДҚ" АҚ (келісім бойынша), " АШҚҚҚ" (келісім бойынша	720 000	720 000	720 000	720 000	720 000	Республикалық бюджет
2	Бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде кәсіпкерлік әлеуетті сауықтыру және күшейту жобалары бойынша екінші деңгейдегі банктерге " Даму"КДҚ" АҚ субсидиялар төлеуі	мың теңге	жыл сайын қаңтар, шілде	ҰЭМ ақпараты	"Даму" КДҚ" АҚ (келісім бойынша) екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компаниялар	202 290	12 075	-	-	-	Республикалық бюджет

".

2. "Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларында:

"1. Жалпы ережелер" деген бөлімде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде өзара жасалған субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың негізінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржы агенттігіне аударады. "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберіндегі субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгі нысанын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Субсидиялау нысанындағы қолдау шараларын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

"Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау" бірінші бағытының шеңберінде субсидиялар беру шарттары" деген 3-бөлімде:

20-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3 (үш) жыл өткеннен кейін субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту ӨҮК мақұлдаған кезде республикалық және жергілікті бюджеттерден субсидиялау үшін қаражат болған жағдайда ғана, банктің/даму банкінің/лизингтік компанияның өтінішхаты негізінде жүзеге асырылады.";

"4. "Экономиканың басым секторларындағы және өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлерді салалық қолдау" екінші бағытының шеңберінде субсидиялар беру шарттары" деген бөлімде:

28-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобаларды іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын тиімді кәсіпкерлер Бағдарламаның екінші бағытына қатыса алады.";

31-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторларында, ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде және салалық

шектеулерсіз іске асырылатын жобалар шеңберінде ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға және (немесе) айналым қаражатын толықтыруға БЖЗҚ қаражаты есебінен банктер берген (беретін) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері де субсидиялауға жатады.";

31-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31-1. Банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау жобалар Бағдарламаға 1-қосымшада көрсетілген экономиканың басым секторларына немесе ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларына және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне сәйкес болған жағдайда, сондай-ақ мұндай жобаны кәсіпкер одан әрі өзі пайдаланған жағдайда, мұндай жобаларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде іске асыру үшін берілетін кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша да жүзеге асырылады.";

41-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3 (үш) жыл өткеннен кейін субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту ӨҮК мақұлдаған кезде республикалық және жергілікті бюджеттерден субсидиялау үшін қаражат болған жағдайда ғана банктің/даму банкінің/лизингтік компанияның өтінішхаты негізінде жүзеге асырылады.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобалар бойынша субсидиялау номиналды сыйақы мөлшерлемесі 19 %-дан аспайтын, оның 10 %-ын мемлекет өтейтін, ал айырмасын кәсіпкер төлейтін кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша ғана жүзеге асырылады.";

"5. "Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету" үшінші бағытының шеңберінде субсидиялар беру шарттары" деген бөлімде:

56-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3 (үш) жыл өткеннен кейін субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту ӨҮК мақұлдаған кезде республикалық және жергілікті бюджеттерден субсидиялау үшін қаражат болған жағдайда ғана банктің/даму банкінің/лизингтік компанияның өтінішхаты негізінде жүзеге асырылады.";

"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына 3-қосымшада:

"Қысқартулар мен анықтамалар" деген кестеде:

3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

ИИДМБ	ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салалары және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлері
-------	---

";

"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына 4-қосымшада:

"Кеңес мынадай шешімге келді" деген жолдан кейінгі төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік даму институттары арқылы қолдаудың басқа шараларын қолданбауына байланысты төмендегі жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізіміне _____ (республикалық бюджет/жергілікті бюджет/Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының) есебінен субсидиялау нысанында мемлекеттік қолдау нысандарын қолдану мүмкіндігі мақұлданын:";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдік беру қағидаларында:

"1. Жалпы ережелер" деген бөлімде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кепілдік беру үшін көзделген қаражатты Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі қаржы агентіне өзара жасалған "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың негізінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен аударады. "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгі нысанын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

"4. "Экономиканың басым секторларындағы және өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлерді салалық қолдау" екінші бағытының шеңберінде кепілдік беру шарттары" деген бөлімде:

23-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде жобаларды іске асырып жатқан және/немесе іске асыруды жоспарлайтын тиімді кәсіпкерлер Бағдарламаның екінші бағытының шеңберінде кепілдік алуға қатыса алады.";

28-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28-1. Кепілдік жобалар Бағдарламаға 1-қосымшада көрсетілген экономиканың басым секторларына немесе ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларына және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне сәйкес болған жағдайда, сондай-ақ мұндай жобаны кәсіпкер одан әрі өзі пайдаланған жағдайда, мұндай жобаларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде іске асыру үшін берілетін жаңа кредиттер бойынша да беріледі.";

32-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің айналым қаражатын толықтыру және (немесе) Бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторларында, ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіп салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде және салалық шектеусіз жүзеге асырылатын жобалар бойынша ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыру үшін БЖЗҚ қаражаты есебінен банктер берген (беретін) кредиттерге кепілдік береді.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобаға банк беретін, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне БЖЗҚ қаражатының есебінен ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға және айналым қаражатын толықтыруға беретін кредит(тер) сомасы бір кәсіпкер үшін 1850 млн. теңгеден аспайды. Бұл ретте, кредиттің (-тердің) сомасы бір кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың кредиті(-тері) бойынша берешегі есепке алынбай есептеледі.";

36-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Егер ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобаға кредит(тер) мөлшері 360 млн. теңгені қоса алғанға дейінгі соманы құраса, кепілдік мөлшері кредит сомасының 50 %-ынан аспайды, бұл ретте кәсіпкер құны кредит сомасының кемінде 50 %-ы мөлшерінде кредит (кепіл) бойынша қамтамасыз етуді ұсынады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Егер ИИДМБ-да айқындалған өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде іске асырылатын жобаға кредит(тер) мөлшері 360 млн. теңгеден артық соманы құраса, кепілдік мөлшері кредит сомасының 20 %-ынан аспайды. Ұсынылатын кепілдік мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды.";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру қағидаларында:

"1. Жалпы ережелер" деген бөлімде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік гранттар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ әйелдерге, мүгедектерге және 50 жастан асқан адамдарға Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 315 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған өңдеуші өнеркәсіп салаларында және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Гранттар беру үшін көзделген қаражатты уәкілетті орган Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне жергілікті бюджет қаражатынан аударады.

8. Гранттар нысанында қолдау шараларын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

"Гранттар беру шарттары" деген бөлімде:

19-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Бағдарламаның және/немесе Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде кәсіпкердің оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;"

"Бизнестің жол қартасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 2-қосымшада:

"Ұсынылған құжаттар тізбесі" деген кестеде:

5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Кәсіпкердің Бағдарламаның және/немесе Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының курстарында қысқа мерзімді оқытудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі	5	Кәсіпкердің Бағдарламаның және/немесе Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының курстарында қысқа мерзімді оқытудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі
--	---	--

";

3. "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 599 қаулысында:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК